



ҮШ JOBA  
ISKE  
QOSYLADY

2»



TIL ÜIRENÝ –  
KÚN TÁRTIBINEN  
TÚSPEITIN  
MINDET

3»



«ERNIAZ  
MEDIA» – DOP  
DODASYNÝ  
JEŇIMPAZY

4»

## «SMART CITY»: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ



Қызылордада «SMART CITY: аймақтың дамуындағы жаңа мүмкіндіктер» атты Ресей және Қазақстан сарапшылары қатысқан дөңгелек үстел өтті. Онда Мәскеу, Краснодар, Астана қалаларында іске қосылған «Ақылды қала» тұжырымдамасы бойынша цифрландыру және «SMART CITY Қызылорда» тұжырымдамасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Шараны аймақта жақын арада құрылған облыстық цифрлық технологиялар басқармасы ұйымдастырды. Оған облыс әкімі Қырымбек Кошербаев қатысып, сөз сөйледі.

Гүлжазира ЖАҒАСОВА.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, «Экономикада цифрландыруды кеңінен қолдану бірқатар салалардың жойылып кетуіне және түбегейлі жаңаларын құруға әкеледі. Біздің көз алдымызда болып отырған өзгерістер бұл – тарихи шақырулар әрі ұлт үшін мүмкіндік». Айта кету керек, цифрландыру – біздің өмірдің дамуында стратегиялық басымдыққа ие. Осы бағыттағы жұмыстарды тиімді үйлестіру мақсатында біз Қызылорда облысының жеке мемлекеттік органы – цифрлық тех-

нологиялар басқармасын құрдық», – деді аймақ басшысы.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «Ақылды қала» тұжырымдамасы аясындағы жобалардың жүзеге асу барысы жөнінде облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким баяндады.

– «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «Smart city» тұжырымдамасы бойынша биыл аймақта 37 жоба жүзеге асуда. Қызылорда облысы «Ақылды басқару» бағытында пилоттық аймақ ретінде таңдалды.

Жоғарыда аталған жобалар 8 бағыт бойынша, оның ішінде 5 негізгі жоба «Smart city» аясында: білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй, көлік және қауіпсіздік салалары бойынша жүзеге асырылатын болады, – делі Е.Ким.

Сонымен қатар, өнеркәсіп саласын цифрландыру бойынша «Интеллектуалды кен орны» цифрлық технологиясын енгізу бойынша жұмыс басталды. Нәтижесінде мұнай өндіруді 1-2%-ке, күрделі жөндеу мерзімін 700 күнге дейін арттыру, операциялық шығындарды 10%-ке дейін төмендету және басқару

шешімдерінің тиімділігін 20%-ке дейін арттыру жоспарланып отыр. Уран өндіру өнеркәсібінде «Байкен-У» ЖШС кәсіпорны «Қазатомөнеркәсіп-Сайран» ЖШС-ның тазарту цехында дайын бұйымдарды жинау блогының роботтық кешенін енгізу тәжірибесі бойынша зерттеулер жүргізілуде. Роботтық кешен адамды қолмен жұмыс істеуден босатып, өнімді тасымалдау-орауға қатысты барлық алгоритмді автоматтандыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

2-бет

### Qurmet

Қызылордадағы «Гранд Плаза» мейрамханасында Халықаралық қарттар күніне орай салтанатты шара ұйымдастырылды. Оған облыс әкімі Қырымбек Кошербаев қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА.



### ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ МІНДЕТІ

Бүгінде Сыр өңірінде зейнет жасына жеткен 70 мыңға жуық адам бар. Алдыңғы буын өкілдерін атаулы күнмен құттықтаған аймақ басшысы олардың әлеуметтік мәселелері әрдайым басты назарда екенін жеткізді. Мысалы, облыс орталығында мүгедектерге арналған оңалту орталығы жұмыс істейді. Қарттар үйінің жанынан күндізгі стационарлық оңалту бөлімшелері ашылған. Бірнеше жыл бойы дәстүрге айналған «Сыр мейірімі» жобасы аясында 250-ге жуық азаматқа арнап тегін түскі астар ұйымдастырылды. 2012 жылдан бері қимыл-қозғалысы қиын жандар «әлеуметтік такси» қызметін пайдаланып келеді. Зейнетақы, жәрдемақы алушы 223 мыңнан астам қызылордалықтың төлем мөлшері қайта есептеліп, зейнетақының ең төменгісі – 49 мың, орташасы – 72 мың, ең жоғарғысы 98 мың тенге болды.

Ардагерлерімізге барынша құрмет көрсету – біздің басты міндетіміз. Майдангер ағаларымызға қаржылай көмек беру, олардың тегін демалыс орындарында тынығып, емделуін қамтамасыз ету, жыл бойы коммуналдық қызмет шығындарын өтеу облыстық бюджет тарапынан жүзеге асырылуда. Сіздердің өмір жолдарыңыз өскелең ұрпақ үшін өнеге. Әрдайым осылай ақылшы болып алдымызда жүре беріңіздер. Отбасыларыңызға бақ-береке, елімізге тыныштық тілейміз, – деді өңір жетекшісі.

Сонымен қатар, басқосуда Социалистік Еңбек ері Оразбай Әбішев сөз сөйлеп, көпшілікке ізгі тілегін жеткізді. Шара барысында түрлі салада абыройлы еңбек еткен аға-апапалар арнайы жайылған дастарқаннан дәм татып, ән мен жырға сусындады.

### Qyzylorda – 200

## КЕҢ ЕЛДІКТІҢ ЕСІГІ, КЕМЕЛДІКТІҢ БЕСІГІ

### Алаш анасының құшағындағы қос ғасырлық той

Сенбі күні Қызылорданың қос ғасырлық мерейтойы аясында Сыр бойын думанға болеген жәрмеңке өтті. Қызылордалықтар жәрмеңкеде Аралдың балығын, Сырдария мен Жалағаштың күрішін, Жаңақорғанның қарбызын, басқа да бетке ұстар бренд өнімдерін базардағы бағадан біршама арзанға алды. Аталған шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты.

Күзге салым жеміс-жидек пісіп, қамба астыққа толып, мал семірген тұста ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі әр сенбі сайын дәстүрлі түрде өткізілетіні белгілі. Бірақ, мерекеге орай бұл жолы шалқыған ән, күмбірлеген күй тартылып, ұлттық ойын ойнатылып, ел шат-шадман көңілде жүрді. Сенбілік саудада сұранысқа орай ұсыныстың да артқанын байқадық.

Айталық, балығымен белгілі Арал ауданының жәрмеңкесінде алғаш рет құс өнімдері саудаға шығарылды. Холестерінсіз қаз бен үйректің еті жүрек-қан тамыры дертмен

ауыратындарға, жалпы халыққа қашанда өтімді. Гүлнар Әлібаева басқаратын «Арал құс» СПК цехы Қызылорда нарығына бұл жолы 500 келі құс етімен бірге тірі қаз-үйрек те әкелген. Ал Арал индустриалды-техникалық колледжі бұл жолы консервіленген майлы, томатты тыранды арнайы қаптамада дайындап, сатуға шығарған.

Жаңақорған жәрмеңкесінде азық-түлік өнімдерін сатып алушылардың қарасы қалың болды. Мұнда облыс орталығының тұрғыны атанғанына 5 жыл болған жаңақорғандық Гүлмира Әріпжанмен тілдестік. «Отбасымызбен Жайылманың қарбызын жақсы көретін болғандықтан, жәрмеңкеге арнайы келдік. Бұл жолы келісім 35 тенгеден алдым. Әр сенбі сайын осында келеміз, мұндағы баға базардағыдан әлдеқайда арзан», – деді ол. Дәстүрлі шарада Қармақшы, Жалағаш, Сырдарияның күрішіне сұраныс жоғары екенін бағамдалдық.

Жалпы жәрмеңкеге барлық аудан бойынша 550 тоннаға жуық өнім әкелінген. Арнайы бекітілген баға бойынша өнімдер базар нарқынан 15-20 процентке төмен бағада ұсынылды. Мәселен, жылқы етінің бір келісі 1400 тенгеден, сиыр еті – 1250, картоп, қырықбабат 70 тенгеден саудаланды.

Бұл шараның облыс тұрғындарын сапалы әрі арзан азықпен қамтамасыз етуден бөлек те тиімді тұсы бар. Аудандағы ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары дедалсыз, тиімді бағада өнімдерін Қызылорда нарығына шығаруға мүмкіндік алды. Демек, жәрмеңкеде сұраныс пен ұсыныс бір-бірін адаспай тапты.



\*\*\*  
Қос ғасыр тойының қызық та тамаша сәті «Сыр тұлпары» атанған ат бәйгесі болғаны анық. Бәйге десе делебесі қозатын халықпыз, қалалық ипподромға жиналған жұртшылық қарасы қалың. Құйрық-жалы түйілген жүйріктер ауыздықпен алысып, бала жәкелер белін буынып алған. Бәйгеің салтанатты ашылуында облыс әкімі Қырымбек Кошербаев құттықтау сөз сөйлеп, ұлттық спортқа қатысты аймағымыздағы атқарылып жатқан бірқатар шараларға тоқталды.

4-бет

Ал, білім беру саласында аймақтағы білім беру мекемелерін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы компьютермен қамту бойынша шаралар қабылданды. Жылдың аяғына дейін барлығы 293 мектеп жоғары жылдамдықты Интернет және Wi-Fi желісімен жабдыкталады. Сондай-ақ, аймақтағы 293 білім беру мекемесі «Күнделік» электронды журнал жүйесіне қосылған. Денсаулық сақтау саласы бойынша өңірдегі 80% медициналық мекемелерде кеңолақты интернет желісі орнатылған. Медицина мекемелерін «қағазсыз айналымға» көшіру бойынша жұмыс басталды. Тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметті жақсарту мақсатында «Облыстық медициналық орталықта интеграцияланған операциялық жүйені орнату» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба операцияға дайындық уақытын 20%-ке дейін қысқартып, өлім қаупін азайтады, сондай-ақ, жылына 3000-ға дейін операция өткізуге мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік секторын цифрландыру шеңберінде 5 жоба жүзеге асырылатын болады. Қазіргі таңда ІІД желде басқару орталығында 272 бейнебақылау камерасы және 8 жол қозғалысы ережелері бұзылуын тіркейтін жүйе жұмыс істейді. 2022 жылдың соңына дейін Қызылорда қаласында 3200 бейнекамераны орнату және 31 жол қозғалысы ережелері бұзылуын тіркейтін жүйені іске қосу жоспарлануда. Сондай-ақ, Қызылорда облысы 112 (112-ге ұқсас) Бірыңғай диспетчерлік қызметін іске асыру үшін пилоттық аймақ ретінде таңдалды.

Ауыл шаруашылығында азық-түлік тауарлары саудасын жүйелеу мақсатында «Агробиржа» жобасы іске асырылуда. Осы жобаны жүзеге асыру ауыл шаруашылығы саласындағы тауар өндірушілерінің кемінде 30%-тің электронды сауда-саттық жүйесіне тартуға,

1-бет

# «SMART CITY»: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

азық-түлік бағасын кем дегенде 10% тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта «Автоматтандырылған жылыжай құрылысы» жобасын іске қосу жоспарлануда. Ауыл шаруашылығында биыл жоспарланған өнім 600 тонна болса, одан кейінгі жылдары 900 тоннаға құрайтын болады. Сонымен қатар, ветеринардың жұмыс жүктемесін 25%-ке төмендету және еңбек шығындарын 40% төмендету үшін «Mobi-Vet» жобасын іске қосу жоспарланып отыр. Шилел ауданының «Ақмая» шаруа қожалығының жұмысын, оның шегірткелермен күресте дронды пайдалану тәжірибесін арнайы атап өткен жөн.

Кәсіпкерлік саласында бытыр «Кәсіпкерлер орталығы» құрылған болатын. Қазіргі таңда бұл орталық «бір терезе» қағидаты бойынша кәсіпкерлерге 40-тан астам қызмет түрін көрсетеді. Орталықтағы барлық қызметтер ақысыз ұсынылады. Сондай-ақ, жер учаскесін жалға беру-сату құқығын тапсыру үшін сауда-саттық процесін автоматтандыру бойынша «Жер учаскелерінің онлайн-аукционы» жүйесі құрылды.

Жиын барысында РФ Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының профессоры Владимир Киселев цифрландыру жобаларын әзірлеу және енгізу тәжірибесінен бөлісті. «Ақылды» қала тұрғындарының



күнделікті тұрмысына жаңа цифрлық технологиялар қалай әсер ететініне жасалған көлемді талдау ұсынды.

«Аэрогеоматика» компаниясының бас директоры Сергей Мищенко цифрлық технологиялар көмегімен Краснодар бюджетін жылына жарты миллиард рубльге дейін қалай ұлғайтқанын айтты.

Мәскеу қалалық ақпараттық технологиялар департаментінің «Ақпараттық қала» ММ башысының орынбасары Алексей Шегольцов «Ақылды қала –

өсу мен даму стратегиясы» атты баяндамасында РФ астанасындағы «ақылды қала» жобасының даму кезеңдерімен таныстырды. Айта кетейік, жақында БҰҰ рейтингінде Мәскеу электрондық үкімет бойынша бірінші орынға ие болды.

– 2011 жылы қолжетімді қызметтер мен мүмкіндіктерді бірыңғай дерекқорға жинай бастағанда қиындау болды. Бұған дейін мемлекеттік органдардың ақпараттандыру саласындағы бірыңғай саясаты болмағандықтан, көптеген

мәліметтер қайталануы орын алды. «Біздің қала» және «Ашық деректер» порталдарын құру азаматтарға әртүрлі саладағы мәселелері бойынша шағымдарын қалдыруға және ақпарат алуға мүмкіндік берді. Бірақ уақыт өте келе бағдарлама тұрғындардың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай-тыны анықталды. Осылайша деректерді жоғары деңгейдегі шаралардан бастап нақты оқиғаларға дейін біріктіруге мүмкіндік беретін «Ақылды қала» стра-

тегиясы әзірленді. Барлық салалық бағыттар белгілі бір құрылыммен нақты блокқа толықтырылды. Өткенге көз жіберіп, істелген жұмыстарымызды бағалаймыз және әлі де атқарылар жұмыстардың көп екенін түсінеміз, – деді А.Шегольцов.

Краснодарлық «AgroNetwork Technologies» және «GeoLook» ЖШҚ атқарушы директоры Андрей Пальчун ауылшаруашылық жерді басқарудың инновациялық технологиялары туралы баяндама жасады. Жерді басқаруда аса қажет болатын ауа райын болжау қызметінің жедел хабарламасынан бастап статистикалық көрсеткіштерді талдау аралығында атқарылатын шараларды қамтыды.

Жиынға қатысқан сарапшылар дағдарыс жағдайындағы іс-әрекеттер, яғни ауқымды шараларды өткізудегі қауіпсіздік, автомобиль жолдарын басқарудың жаңа жүйесі туралы айтты. Баяндамалардан соң тақырып бойынша талқылаулар болды.

Қазір аймақта smart-менеджмент, білім, денсаулық сақтау, тұрғын үй, көлік, қауіпсіздік және бизнес саласында 30-дан астам жоба жүзеге асырылуда. Біздің облыс «Ақылды басқару» бағытында пилоттық аймақ ретінде таңдалды. Оның шеңберінде жаңа кіші жүйелерге арналған «Ситуациялық орталықтың ақпараттық-талдау жүйесін дамыту» жобасы іске асырылып жатыр. Сонымен қатар, дарынды жастарды қолдау үшін техникалық лабораториялар мен коворкинг орталығының қызметтерін көрсету, IT-стартап-жобаларын және бизнес-инкубаторды дамыту мақсатында Қызылорда қаласында «IT парк» құрылды. Өткен жылы Қызылорда облысында «HackDay-2017» жас IT-мамандарының алғашқы аймақтық фестивалі өтті. Халықаралық тәжірибесі жердеу үшін аймақ делегациясы Тартастан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының «Smart city» жобасы аясындағы заманауи нысандарын аралаған болатын.

Қызылорда қаласының 200 жылдығына арналған шаралар аясында «Қызылорда жарығы» холдингілік бірлестігіне қарасты «Энергосервис» ЕЖШС ұжымы өз компанияларын таныстыру және көрсетіліп жатқан қызметтері туралы толыққанды ақпарат беру мақсатында баспасөз туры ұйымдастырды. Оған БАҚ өкілдерімен қатар, қоғамдық ұйымдар мүшелері мен блоггерлер қатысты.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

## ЖАРЫҚПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ АЗ ЕМЕС

Баспасөз туры қатысушылар компания жұмысымен танысуды оның бас ғимаратынан бастады. «Қызылорда жарығы» холдингілік бірлестігінің атқарушы директоры Еркебұлан Есенбаев «Энергосервис» мекемесінің қызылордалықтарды электр энергиясымен қамтамасыз ете бастағанына бес жыл толып отырғанын атап өтті.

– Біз осы нарыққа кіргенімізде бізге дейін осы жұмыстарды атқарған әріптестеріміздің сыртқа 70 млн теңгеден астам қарызы қалған еді. Одан бөлек, тұрғындар алдындағы 300 млн теңгедей ауыспалы қарыз болды, – деді ол. Алайда, ұжым «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара отырып, тұтынушылармен бірлесу жұмысты жүйелеп, компанияны аяғына тік тұрғыза алған. Айта кету керек, 2013 жылы тұтынушылардың төлем қабілеті мен төлем жинаудың көрсеткіші 75,3% ғана болған еді. Содан бері атқарылған жұмыстардың арқасында бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 95%-тен асып отыр.

Қазіргі таңда «Энергосервис» ЕЖШС электр қуатын негізінен Екібастұз және Жамбыл ГРЭС-терінен сатып алуға. Сонымен бірге оны тасымалдап жеткізіп беретін «КЕГОК» АҚ мен «КРЭО» АҚ компанияларының қызметіне төлем жасайды.

Абоненттік бөлімінің басшысы Серікгүл Ахметова компания заңды тұңғаларды есептегенде 86469 тұтынушыға қызмет көрсетіп отырғанын жеткізді. Қызмет көрсету аймағына облыс орталығымен қатар қала іргесіндегі 12 елді мекен де кіреді. Бөлімде бес оператор қызмет атқарады. Бүгінгі күні тұтынушылар үшін барлық ыңғайлы жағдайлар жасалынған. Касса алдында бұрынғыдай кезек жоқ. Бұл жерге келуге қолы тимейтін тұтынушылар қалада орналасқан терминалдар арқылы төлем жасай береді. Тұтынушылар келісімімен оларға төлем жасау туралы ескерту – СМС хабарламалар жіберіліп тұрады. Абонент бөлімінің қызметкерлері сондай-ақ тұтынушыларға салыстыру актісін береді. Олар электр қуатын қанша көлемде тұтығанын, қандай тарифпен төлем жасағанын тексеріп біле алады. Қазіргі күні дифференциалды төлем жасалынады деген тұтынушылар халыққа қызмет көрсету орталығынан алған мекен-жай анықтамасын тапсырады. Осы арқылы үй иесі ауысып немесе көше атаулары өзгеріп жатса, операторлар барлығын базаға уақытында енгізіп отыр. Ал екі ай төлем жасамаған тұтынушыға зерттеулер жүргізіліп, ол туралы деректер мекеменің заң бөліміне беріледі. Узак уақыт төлем жасамаса, сотқа беріледі. Десе де, көп жағдайда қарызын төлемей жүрген тұтынушыны сотқа сүйірмей, істі медиаторлар арқылы шешу үрдісі алып келеді екен.



Мұнан соң «Шұғыла», «Ақмешіт», «Мерей» және «СІМК-70» шағын аудандарынан төлем жинайтын «Қала» деп аталатын учасіт бөлімінің басшысы Төлеген Ертаев осы аймақтағы 24 мың тұтынушымен 15 техник және 3 инженер жұмыс жасайтынын айтты. Олар әрбір айдың басынан бастап 25-не дейін тұтынушыларға бірыңғай төлем құжаттарын жеткізеді. Ал 25-нен кейін ескерту қағаздарын апарлады. Бір қызметкерге 2 мыңдай тұтынушы бекітіліп берілген. Бөлімде әрбір қызметкердің жұмыс нәтижелері, яғни оларға бекітілген тұтынушылардың төлем жасау көрсеткіштері інінін қойылған.

2016 жылы облыс әкімі Қырымбек Қошербаев коммуналдық қызмет көрсететін мекемелерге төлем жасауды оңтайландыру үшін бірыңғай төлем құжаттарын енгізу жөнінде тапсырма берген болатын. Бұл – негізінен бір ғана түбіртекпен барлық тұрмыстық қызмет түрлеріне төлем жасауға мүмкіндік беретін, тұтынушылар үшін өте ыңғайлы заманауи шұғырланған жүйе.

Өткен жылдың наурыз-сәуір айларында «Энергосервис» мамандары басқа коммуналдық мекемелердің төлем жүйелерін зерттеп, келергі келтіретін тұстарын алып тастап, бірыңғай төлем құжаттарын жасауға кірісті. Ал келесі айда пилоттық режимде «Ақмешіт», «Мерей» шағын аудандарындағы 5 мың тұтынушыға алғашқы бірыңғай төлем құжаттарын жеткізін берді. Алғашқы БТҚ-ға жылу, су және электр энергиясы үшін төлемдер енгізілсе, одан кейін «Тұрғын үй Қызылорда» мен «Қызылорда тазалығы» қызметтері де біріктірілді. Бірыңғай төлем құжаты бөлімінің басшысы Нұрлыбек Жақыпов баспасөз туры қатысушыларға мекеменің www.erd.kz сайты іске қосылғанын мәлімдеді.

Тұтынушылар бұл сайттан БТҚ туралы барлық ақпараттарды ала алады. Бүгінде сайтқа бір айда орта есеппен 9500-дей тұтынушы кіріп, қажетті ақпараттарын алуға. Осы жоба аясында бірыңғай байланыс орталығы құрылып, қазір нәтижелі жұмыс істеуде.

Уақыт өткен сайын тұрмыс тіршілігімізде цифрландыру үдерісі белен алып келеді. Соған сәйкес, «Энергосервис» тұтынушыларының арасында электронды түрде төлем жа-

## Мереке қарсаңындағы марапат



Ұстаздар мерекесі қарсаңында облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті салтанатты шара өткізді.

Шарада облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов мерекелік кешке арнайы шақырылған ардагерлерді, білім саласында абыройлы еңбек етіп жүрген ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, мәртебелі мамандық иелерінің тәуелсіз еліміздің дамуы жолындағы табынды еңбегін ерекше атап өтті.

Шарада Қазалы ауданынан Жәдиеттер, Шилел ауданынан Дүйсенөвтер отбасы «Үздік еңбек әулеті» атанса, Қаз ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Ултай Балмағанбетова, еңбек ардагері Несіп Сармағанбетова, Жалағаш ауданынан Қаз ССР білім беру ісінің үздігі Мамзатай Рақымбаев, Жаңақорғаннан «Құрмет» орденінің иегері Зинабдин Шермағанбетов, Қармақшадан Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Талмас Жұмабаева марапатталды.

Ұстаздарға республикалық «Еңбек жолы» байқауының шеңберінде айқындалған «Үздік тәлімгер», «Үздік жас маман» номинацияларын облыстық кәсіподақ ұйымының төрайымы Райкүл Байназарова табыстады.

Г.ҚОЗЫБЕКҚЫЗЫ.

## ҮШ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Өнірлік коммуникациялар қызметінде өткен онлайн-конференцияда облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы башысының орынбасары Жанар Берденова өндірісте жаңа технологияларды қолданатын және де өнімі экспортқа бағытталған бірқатар жобалардың жүзеге асырылу барысын баяндады.

Ғазиза ӘБЛІДА.

Айталық, индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығы аясында Қызылорда қаласында салынып жатқан шыны зауыты заманауи технологиялармен жабдықталған әлемдегі үшінші зауыт болмақ. Өзірге мұндай зауыт тек Жапония мен Қытайда бар. Сондықтан бұл зауытты аталған өндіріс саласында әлеуеті жоғары Финляндия, АҚШ, Бельгия және Италияның компаниялары жабдықтайды.

Сонғы үш жылда жұмысы қайта жанданған «Шалқия» кенішін игеруде де тиімділігі жоғары жаңа технология пайдаланылады. Кәсіпорында руда тік конвейерлі инновациялық әдіспен өндіріледі. Өлемнің жетекші елдерінің мырыш-корғасын өндіретін энергонеімді жаңа технологияларын қолдану арқылы мезеленген экономикалық нәтижелерге қол жеткізуге болады. Бұл жерде игерілетін руда терең өңделеді және қажетті металдың үлесі де айтарлықтай

артады. Сонымен қатар, өндіріс барысында неміс технологиясын қолданатын үй құрылысы комбинаты іске қосылды. Вейлер неміс компаниясының құрал-жабдығымен жабдықталған, «РМЗ-Шапағат» ЖШС-ның үй құрылысы комбинаты бүгінгі заман сұранысына сай бірегей жоба десек болады.

– Индустрияландыру бағдарламасы аясында «Арал Тұз» ас және техникалық тұз өндіретін екі испан цехын іске қосты. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігін екі есеге арттыруға, 1200-ден астам адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтуға және қызметкерлердің еңбекақысын 60%-ке ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, облыс аумағында «ЭКПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесінде ұсынылған 7 технологияны енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында «Қызылорда электр та-

рату тораптары компаниясы» «Смард Грид» таза өндіріс технологиясын енгізу мақсатында «Siemens» өкілдігімен 2018 жылдың ақпан айында меморандумға қол қойды. Сонымен қатар, «Хорасан» серіктестігі финдық «ПоларСол» (PolarSol) компаниясының «Жылуды интеллектуалды басқару жүйесі» технологиясын сатып алу үшін тиісті келісім жобасы әзірленіп, екі жақ тараппен қарастырылуда, – деді Ж.Берденова.

Баяндама барысында айтылғандай, биылғы жылдың соңына дейін бескеге қабілетті, өнімі экспортқа бағытталған үш жоба іске қосылады. Дәлірек айтсақ, шыны зауыты мен цемент зауытының құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Одан өзге Арал ауданында балықты терең өңдейтін өндіріс орны өз жұмысын бастайды. Ал келер жылы өнірлік индустрияландыру картасының аясында қуаттылығы жылына 300 тонна ас тұзын өндіретін «БСК Қаратау» ЖШС кәсіпорнын, Қармақшы ауданындағы жылдына 1500 тонна өнім өндіретін құс фабрикасын іске қосу, «Шалқия» кен байыту комбинаты құрылысын одан әрі дамыту жобалары жүзеге асырылады. Бұл жобалардың игілігі – өңірде өндіріс өркендеп, жаңа жұмыс орындары ашылады.

Онлайн-конференцияда тұрғындар және БАҚ өкілдері тақырып аясындағы сауалдарына жауап алды.





Merей

Сыр өңіріндегі мемлекеттік тіл саясатының оң имиджі мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлерінің қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқып, еркін меңгеруінен байқалады. Осы міндетті атқарып, «ҚазТест» жүйесі бойынша мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындар санының артуына ықпал жасаған бірден-бір мекеме – Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы тілдерді оқыту орталығының құрылғанына биыл 10 жыл толып отыр. Мерейтой қарсаңында республикадағы озық тәжірибелі мекеменің біріне айналған орталықтың директоры Нұрсәуле Мұсаевамен сұхбаттасқан едік.

– Нұрсәуле Дүйсебайқызы, Елбасы Жолдауында «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеясына айналуда тиіс», – деген жолдар бар. Осы идеяды қалыптастыруда сіз басқарған орталықтың өз миссиясы айқындалған. Құрылғанына 10 жыл болған мекеменің ау бастағы мақсатына, оны орындауда жүріп өткен жолына бүгінгі күннің биігінен қарағанда не байқайсыз?

– Облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты облыстық тілдерді оқыту орталығы еліміздегі «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында облыс әкімдігінің қаулысымен құрылды. Ата Заңды, «Тіл туралы» Заңды, тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, қосымша білім беру, яғни, тіл үйренушілерге мемлекеттік және басқа да тілдерді үйретіп, оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етіп келеміз.

Орталықтың басты ерекшелігі – өңір тұрғындарына, мемлекеттік және мекеме қызметкерлеріне, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тегін оқыту. Он жыл ішінде орталықтың білікті, іскер мамандары тұрғындарға

жасалған қолдау орталық жұмысын қиын еткен бір сәтте алып шықты.

– Қиын кезең артта қалып, жұмыс ырғағының қалыпқа түскені – үлкен жетістік. Мекеме жұмысы уақытша тоқтаған сәтте де сенімін жоғалтпаған, қолдағы барды, жинаған тәжірибені сақтап қалған мамандар туралы айтсаңыз...

– Білімнің салтанат құрған



# ТІЛ ҮЙРЕНУ – КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙТІН МІНДЕТ

арналған оқыту курстарын жүргізіп, республикалық, облыстық деңгейдегі түрлі қоғамдық іс-шараларды, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруіне байланысты түсіндірме жұмыстарын белсенді жүргізіп, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуінің арқасында көпшілік арасында мекеменің маңызы теңдей түсті.

Мекеме құрылған сәтте-ақ, Ш.Шахметов атындағы республикалық әдістемелік-үйлестіру орталығының ұжымы, атап айтар болсақ, марқұм Біржан Белғара, Несібілі Жәкенқызы, Лаура Айтпанова әріптестік көмек қолын ұсынды. Орталық тарихының тағы бір белесі – облыстық ішкі саясат басқармасының тілдерді оқыту орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылуы. Сол кезеңде мекеме ұжымы біршама қиыншылықтарды бастан өткіріп, оқыту үдерісі уақытша тоқтатылған еді. Алайда, тұрғындардың тіл үйренуге деген сұранысының артуы, мекемеге

дәуірінде орталықтың басты күнделікті әрі мақтанышы – білікті, іскер, алғыр мамандардан құралған ұжым. Орталық ашылған кезде жұмысты оқу орнын енді ғана бітіріп, дипломн қолына ала салысымен келген тәжірибесіз жас мамандармен бастадық. Атап айтар болсақ, Әсел Бакытова, Жұлдызай Қылышбекова, Шолпан Өмірсерікова, Мартана Әулетбаева, Ләззат Далдиева, т.б. небәрі 8 қызметкерден құралған шағын, жас ұжым жұмысты бірден алға дөңгелетіп ақтetti. Келген бойда облыстағы мемлекеттік мекемелермен, аумақтық департаменттермен, бюджеттік мекемелермен, кәсіпорындармен тығыз байланыс жасап, 178 қызметкерді оқыту курсынан өткізіп, оқу үдерісін ұйымдастыруда өздерінің іскерлік, алғырлық қабілеттерін таныта білді. Соның арқасында, өңірде біздің орталық арқылы оқып, тіл үйренуге қызы-

ғушылығы артқан тұрғындар саны көбейді. Сондай-ақ, облыстық, республикалық конкурстардан жүлделі орындар алып облыстың абыройын асқақтатқан, қиын-қыстау кездерде ардайым жанымнан табылып, әлі күнге орталық жұмысының ыстық-суығына төзіп, оқудың инновациялық әдістері бойынша оқу-әдістемелік құралдар шығарып, өзіндік кәсіби тәжірибелі орта қалыптастырып келе жатқан мамандарды мақтанышпен айтқым келеді.

– Орталықтың тек Қызылорда қаласы ғана емес, аудандардағы жұмысы, жыл сайынғы жетістіктері жөнінде кеңірек айтып өтсеңіз...

– Орталық қызметкерлері жылына бір рет республикалық деңгейде ұйымдастырылатын «Үздік оқытушы» байқауына қатысып, бақтарын сынап келеді. Нәтижесінде 2013 жылы С.Мұратова І орын, 2015 жылы Ж.Ереқшова 3-орын, 2017 жылы Ө.Бақытова 2-орын, биыл П.Ізбасарова 3-орын ие-

ленді. Ұжымның еңбегі Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күрмет» грамотасы, Тіл комитетінің және облыс әкімінің алғыс хаттарымен марапатталып келеді. Ең үлкен жетістік – осы аталған еңбектеріміздің еленіп, облыс басшысының қолдауымен 7 аудандағы үш тілді оқытатын орталықтарда 21 штаттың ашылуы. Бүгінде орталықтың аудандардағы мамандары мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлерін мемлекеттік, орыс және ағылшын тілі оқыту курстарын жүргізуде.

Орталықтың керегесі кеңейіп, қанатын кеңге жайғаны – ұжым жұмысының жарқын көрінісі.

– Оқыту курстарының сапалылығы, тиімділігі немен байланысты, курс сабақтары қандай оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі? Облыс халқының қамтылуы қаншалықты деңгейде?

– Оқыту үдерісі БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы енгізген ұлттық стандартқа сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған бірулгі бағдарлама» (қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі) негізінде 5 деңгей бойынша жүреді. Тіл үйренушілердің білімі «ҚазТест» жүйесі бойынша бағаланып, көрсеткен деңгейіне сай сертификаттар табысталады.

Орталықтың 2008-2018 (9 ай) жылдар аралығындағы тіл оқыту курстарына 4 мыңға жуық тыңдаушы қатысты. Оның ішінде мемлекеттік тіл бойынша – 3524, ағылшын тілін оқыту 2014 жылдан, іскерлік орыс тілін оқыту бытырғы жылдың соңынан басталды.

– Осы жылдар аралығында мамандардың тәжірибесі толыққанды анық. Тілдерді үйрету әдістемесіне енгізілген жаңалықтарыңыз да бар. Жалпы өткен он жылды қорытындылап, алдағы күнге міндеттер белгілейтін кезде недей жоспарларды басшылыққа аласыздар?

– Тілдерді оқыту орталығының педагогикалық ұжымы орталық құрылған сәттен әдістемелік жұмыстарға ерекше назар аударып келеді. Орталық оқытушыларының құрастыруымен 2012 жылы «Асыл сөз» оқу-әдістемелік кешені, 2013 жылы «Мемлекеттік қызметшілерді оқытуға арналған жағ-тыулар жинағы», 2015 жылы «Мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту» (В1 орта деңгейге арналған) кешен, биыл оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған «Қызықты өңгімелер» жинағы жарық көрді. Оқу үдерісін заманауи талаптарға сай жүргізуде жетілдіруге тиісті мәселелер де жоқ емес.

Алдағы 3-5 қазан күндері орталықтың 10 жылдық мерейтойын республикалық деңгейде атап өтуді жоспарлап отырмыз. Ауқымды шараға республиканың барлық аймақтарынан қонақтар, Ш.Шахметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мамандарының қатысуымен «Рухани жаңғыру – тілге тың тыныс» тақырыбында жаңа форматтағы конференция және «Жаһандуу жағдайындағы тіл үйретудің инновациялық әдістемелері» атты республикалық семинар өтеді. 5 қазан күні облыстық ішкі саясат басқармасының бастамасы бойынша, электронды әкімдікті дамыту және мемлекеттік қызмет мониторингі бөлімінің басшысы И.Ақжігітованың қолдауымен орталықтың оқыту жүйесін сандық технологияға бағыттау мақсатында «Тілдерді оқыту үдерісінде инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану» тақырыбындағы «дөңгелек үстел» өтеді. Жоғарыда аталған шаралардың орталық жұмысының одан әрі жаңдануына тігізетін әсері мол деп ойлаймын.

Өңгімелескен  
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,  
«Сыр бойы».

Gibrat

Телефон соғылды. Құлақ тостық. Қалалық әкімшіліктен екен. Есен-саулық сұрасқаннан кейін:

– Соғыс және еңбек ардагері Төле Рысбаевтың атына қаладан көше берілетін еді, – деді қоңыр дауысты азамат. Соның ашылу салтанатына шақырамыз. Сіз ол кісіні жақсы білетін боларсыз?..

– Е-е, дұрыс болыпты...

# ӨРТ ПЕН СУДАН ЕСЕН-САУ ОРАЛЫП...

Ардагерді құрметтеу деген, әрине, жақсы сөз. Игілікті іс. Олар соған лайық. Ал Төле Рысбаевқа келсек, талай рет тілдескен, өңгімелескен жандардың бірі – біз боламыз. Ол сұңғақ бойлы, ажарлы кісі еді. 2012-жылдың желтоқсан айында, тоқсан бір жасында дүниеден озғанша сол қалпынан өзгерместен кетті. Төкеннің өмір жолының қиыр-шыры да аз болмапты. Үш жасында өкеден, көрмелетек толар-толмаста анасынан айырылып, нағашыларының қамқорлығында өсіпті. 1937-жылы, яғни 16 жасында Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, одан 1941-жылы, жиырма жасында зоотехник мамандығын алып шығады да арнайы жолда-мамен Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының ауыл шаруашылығы басқармасына уәкелеті зоотехник болып орналасады. Бұл 1941-жылдың ішінде айының 19-ы еді. Батыста қанды шайқас жүріп жатыр. Жау ішке қарай енуде. Бір айдан асар-аспаз уақыт жұмыс істегесін әскер қатарына шақырылып, Ферғанадағы шекаралық 50-ші атқыштар полкінің солдатты болып шыға келеді. Күн-түн дерлік әскери жаттығуда болады. Екі ай шамасында елге қайтарды. Айрықша тәртіп болғанша деп... Не себепті? Төкен бұл сауалға жауап қайырмады. «Мен қайдан білейін?» дегендей иығын қозғады да қойды. Енді онтүстіктегі бағыт қызметіне емес, Қызылорданың Қармақшы ауданына бұйрық алады. Ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы К.Кривошея Төкеннің еңбек кітапшасына көз жұртүріп алып: «Жақсы келдің, шырағым, мамандығың сай жұмысың дайын, тек тұрақтай алсаң, қане», – депті әлденеден секем алғандай.

Сол жасамыс Кривошеяның айтқаны айдай келіп, екі ай өтер-өтпестен, яғни 1942-нің бірінші ақпаны күні бұлар мінген эшелон Қиыр Шығысқа қарай жөнел береді...

– Он тоғыз тәулік жол азабын шегіп Владивостокқа да келдік-ау, – деген-ді Төле аға бір өңгімесінде, – Жапондармен шекара. Несін айтсаңыз, ыңғайы келсе, олар да бізге бас салғалы тұр. Тынымсыз жаттығу. Орысша тіл сындырдық. Сегіз айды өткіріп Қуйбышевке келдік. Осы аралдан жасакталып,

1942-нің тамыз айында майданға аттандық.

– Сөйтіп, солтүстік-батыс майданға жол түсті десеңізші!.. – Әй, оқымның аты оқымған-ау, бәрін біліп отырсың, ә, – деп Төкен жездем мені мақтап қойды, – бірақ, сен біздің «Старая русь» стансасына жетер-жетпесте бомба-лауға ұшырағанымызды білсең етті!.. Асхана кейінде қалған. Тамақ жоқ. Бидайдың масағын теріп, соны шинельдің етегіне салып үгіп, қотелекке қайнатып жүрек жалғаған боламыз. 253-дивизионың 979-атқыштар полкінің 2-батальондағы 5-ші ротаның взвод мергені едім. Техника қирады. Сосын да жаюу жүруге тура келді. Үш тәулік жорытып, майдан шегіне жеттік.

– Калининград жағы орманды өлке деуші еді, соны пана еткен боларсыздар?

– Сол қалың орманды артка ұстап жаумен шайқастық. Ұзақ күнге атыс-шабыс. Траншея іші де, сырты да қызыл қанға бөккен. Апыр-ай, бұған да адамның көзі үйренеді екен. Үстімізден бомба-лаушы ұшақтар ұшып жатқанда селт етпей атыса береміз. Жараландым да, бір аптадан кейін соғысқа қайта кірдім.

– Қатарынан үш фронтты жер жастандырғаныңызды ауылға жолдаған хатыңыздан оқығанбыз... – Жоқ, ә! Мен ондай мақтанған жоқпын. Әлгіде бір апта санбадта жаттым дедім ғой. Сол тұста жолдас жігіт сондай бір хабарды ауылға жіберіпті. Мергеннің оғынан жалп еткендерді кім санапты? Өйтеуір атқаным қате кетпеді. Алға шабуылдайсың. Кейін шегінесін. Жан беріп, жан аласың. Траншея ішінде бетпе-бет келіп, кәдімгі қазақша жұдырыққа да басасың.

– Десе де, ауыр жаракат алып, госпитальда ұзақ емделісіз ғой? – Иә, оның жөн. Мергенді оқ ала бермейді. Тұрағыңды әлсің-әлсің өзгертіп, онтайлы тұстан нысанаға оқ жаудырасың. Бір ұрыста взводтағы 34 адамнан 13-і қалғанына айнап айқастық. Жауды дөлдеп ұрып тұрған. Взвод командирі А.Маслов:

– Түс енді, төртеуін жайраттық, дереу позицияны өзгерт, – деді. Ашық алаңға ырғып түскенім сол еді, бомбаның қанғыған қос жарқыншағы қос бүйірден



қалалды. Дәл бір алдын ала тапсырыс беріп қойғандай. Қанша қырғыннан аман қалып, жеміске аз-ақ қалғанда ауруханаға түскеніме өкіндім-ақ.

Иә, солай. Нижний Тагил маңындағы Нефтянск қаласындағы 25-45-ші санды әскери госпитальда төрт ай емделіп, 1945-тің жазында екінші топтағы соғыс мүгедегі болып елге оралды. Бірақ Төле Рысбаев жауынгеріңіз мүгедекпін деп үйде жата алмайды. Өйткені, ауылдағы күйзелген шаруа білімді маманға зәру-ақ еді. Оның үстіне үй жоқ, қүй жоқ, жиырма төрттегі соқпалдай жігіт қашаңға нағашыларына салмақ сала бермек? Ол госпитальда жатқанда ауылдасы, жастайынан таныс-біліс Оралбайқызы Құлмараммен хат алысып тұрған-ды. 1942-нің ақпан айында қызыл вагонға шығарып салғанда осы қағылз, талдырмаш қыз Құлмарам «Женіспен орал, асыға күтемін» деп қалған-ды.

– Келуіне сол Құлмарам есімді арумен бас қостым, – деді Төкен күліп, – қыз үздеге берік екен!..

– Әрі келген қадамды да құтты болды. Бөреке-бірлік ала келді, – деді Төкен сөзін жалғап, – ауылдық кенеске хатшы едім, ұзамай төрағалыққа сайландым. Соғыстан алған жаракат та етпеп жазыла бастады. Ауданы бар, ауылы бар, мамандығына кел деп «Қазалы» асыл-тұқымына қой совхозының әуелі ферма зоотехнигіне, іле-шала меңгерушілігіне тағайындалып төрт жыл басқардым. Кеншар да, ферма да табысты болды. Кеншар директоры Дүйсебай Маханов

Социалистік Еңбек Ері атанды. Ал мені асығыс партияға қабылдады. Бұл қалай десем, кеншар директорығына ұсынған екен. Сонымен бұл ағаң 1951-жылдың 22-қыркүйегінде, дәл отыз жасында, Жалағаш ауданында қой совхозының директорығына бекітім. Ең қиыны – көктемде, қойлар төлдер алдында, жазғы жайылымға мал көшіру еді. Буаз малды Қараөзек пен Сырдариядан абыржы кезінде өткізіп, 150 шақырымға айдауға тайлы-таяғымыз қалмай жұмылатынбыз. Абыройсыз болғаным жоқ. Өз өтінішіммен орнымды оқпаған жастарға беріп, 1961-жылдың маусым айында Арал ауданының «Приарал» кеншарына бас зоотехник болып келдім. Сол кеншарда табан аудармастан 28 жыл қызмет еттім.

\*\*\* Па-й, Төкен-ай! Асыл аға десем болар. Мінез қандай?! Майдан, жұмсақ. Магниттейі өзіне тартып тұрады. Сол тұста «Приарал» кеншарында бес ферма бар-ды. Екеуі қой, үшеуі ірі қара фермасы. Сырды да, қырды да жайлады. Ірі қараны қыста – Сырға, жазда сонау айшылық «Тәуіп» жайылымына дейін көшіретін-ді. Директор Мүсілім Қазанбаев қойды ерте төлдетуден еңбек қорғап, ғылым кандидаты атанды. Өзберген Жаксылықовтың директорылық тұсында ірі қара аналығының әр жүзінде тоқсаннан бұзау алынды. Мал азығындық шөптер егілді. Бау-бақша өсіруде Бакеевтердің данкы шықты. Мұнша көрсеткіш бұл аймақта бұрын-соңды болмаған-ды. Осындай табыс кезінде облыстық семинар-кеңес өтті. Әрине, бұл істе бас зоотехник Төле Рысбаевтың іс-тәжірибесі, біліктілігі айрықша роль атқарғанды. Соғыс және еңбек ардагері Төле Рысбаевтың 48 жылдық еңбек өтіліне лайық марапаттары да баршылық. Олардың жалпы саны көп-ақ. Бірінші дәрежелі «Отан соғысы» және «Еңбек жолы 55» ордендерімен қатар Женістің 75, 60, 65 жылдық, «Еңбектегі ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы соғыс ардагері», «Тыңға – 50 жылы», Г.К.Жуков, В.И.Лениннің тұтанына 100 жыл, «Астанаға 10 жыл» медальдарын омырауына тағыпты. Ал ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі үшін алған Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары бір папка дерлік.

Төкен Құлмарам жұбайы екеуі мәселен 8 үл-кыз өсірген. Солардан бүгінгі үлкені Алмас – қаржыгер, Раясы – медик, Бақыты – ұстаз, Қайраты – мемлекеттік қызметкер. Ал немерелері 25-ке, шөберелері 37-ге жетті. Демек, бәйтерек ата мен әже ұрпағы өсуде. Олар айбынды да асқақ тұлға – Төле атасының үлгісімен тәуелсіз еліне, оның рухани жаңғыруына белсене кірісіп, жұлдыздай жарқырауда.

Шәкірат  
ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,  
дербес зейнеткер,  
Арал қаласы.

Оралман – тарихи отанында тұрақты түру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» Заңында белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алынған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның ел аумағынан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлтты қазақ балалары.

# ОРАЛМАН МӘРТЕБЕСІН БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ

«Оралман мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігін 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 бұйрығымен бекітілген «Оралман мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде көрсетіледі. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетуі «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралман мәртебесін беру туралы өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады: 1) өмірбаян (еркін нысанда); 2) отбасы отағасының, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің мөлшері 3x4 сантиметр 2 фотосуреті; 3) нотариат куәландырылған аудармасымен өтініш бiлдiрушi үмiткердiң және оның бірге қоныс аударған оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың (шетелдік паспорттың не азаматтығы жоқ алаң куәлігінің, көмектесі толмаған балалардың туу туралы куәлігінің) көшірмелері; 4) үміткердің Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін 2013 жылғы 22 шілдедегі №329-Ө-М бұйрығымен бекітілген Оралман

мәртебесін беру қағидалары 2-тармағының талаптарына сәйкестігін белгілейтін құжаттардың көшірмелері.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, кейіннен құжаттардың түпнұсқалары (өмірбаян мен фотосуреттерді қоспағанда) көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі: Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың толық топтамасын тіркеген күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорацияның аудандық (қалалық) бөлімшелеріне қарай құжаттар топтамасын жеткізуді қамтамасыз етуі және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі үшін – 5 (бес) жұмыс күні.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен белгіленген өтінішпен қоса берілетін тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынуға толық емес топтамасын және қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді. Туындыған сұрақтар бойынша Мемлекеттік корпорацияға, сондай-ақ, 1414 телефоны бойынша жүтін аласыңыз. Қоңырау шалу тегін.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылдың 28 қыркүйегіндегі ұйғарымымен «ҚызылордаКранСервис» ЖШС-на (БСН 100440000530) оналту рәсімін жүргізу бой-

ынша азаматтық іс қозғалғаны хабарлайды. Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

## Тұтынушылардың назарына!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның ҚӨФ бір айdan бері 13.09.18-ден 13.10.18-ге дейін тұтынылған газ үшін қарыздарға қарсы күрес жүргізілуде екенін хабарлайды. Осыған орай апта сайын газға берешегі бар абоненттерді газдан өшіру рейді БАҚ өкілдерінің қатысуымен жүргізілуде. Тұтынушы қарызды жойғаннан, сондай-ақ аяныштыларды төлегеннен кейін газбен жабдықтау қайта жаңғыртылады. Газға қосылу жоспарланған күні газбен жабдықтауды қайта бастау туралы шешім қабылданған күннен бастап бес күн ішінде хабарланатын болады.

Газ бойынша берешектер мен жинақтар туралы ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №10А (тел.: 703065, 703064), сондай-ақ, барлық аудандық газ учаскелері.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ әкімшілігі.

(Астана қаласының Мемлекеттік сотының қаржылық басқару басқармасы) мемлекеттік мекемесінің 2015 жылдың 27 тамызындағы №1001650 мемлекеттік тапсырысы бойынша)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

**Тұрғыр**

Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойына арналған шараларға БАҚ өкілдері де ерекше үлес қосты. Жексенбі күні "Евразия" спорт кешенінде журналистерден жасақталған командалар мини-футболдан Қызылорда облысы әкімінің кубогын саралқа салды.

## "ЕРНИАЗ МЕДИА" – ДОП ДОДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Жарысқа еліміздің әр өңірінен 12 команда қатысып, үш топқа бөлініп бақ сынады. Оралдың «Жайық», Астананың «Хабар», «Sport-59», Талдықорғаннан келген «BAQ JETISU», тараздық «Тараз Press», «Jambul media» Түркістаннан «Рейтинг», Шымкент қаласынан «Erniyaz media», жергілікті «Сыр медиа», «Қаламгер», «Qyzylordatu» командалары тарихи шаһардың мерейтойына арналған турнирді тартысты додаға айналдырды.



Турнирдің ашылуында облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов жылы лебіздерін білдіріп, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Командалардың дені республикалық бәсекелерде көзге түсіп жүрген, талай мәрте алаңда айкасан ұжымдар. Осыдан да Ақмешіттегі ала доп турнирі тартысты өтті.

Әрине, доп дөңгеленгенмен дараны дода анықтайды. Мықтылар пенальтимен анықталған ойында Қызылорда облысы әкімінің кубогын Шымкент қаласынан келген "Erniyaz media" командасы иемденді. Оларға 600 мың теңге табысталды. Екінші орынды еншілеген "Тараз Press" – 400 мың, үшінші орынды иемденген "Хабар" телеранасы жігіттеріне 200 мың теңге ақшалай жүлде берілді.

Ерасыл ШӘРІБЕК.

## Хабарландыру

Күріш салысын жоғары бағамен қабылдаймын. Байланыс тел.: 8 702 599 92 11

(3-2)

1-бет – Биыл ерке Есіл бойындағы елордамыз Астананың 20 жылдығы болса, сулу Сырдың бойындағы Қызылорданың 200 жылдық мерейтойы. Осы екі айтулы датаның арасында үлкен рухани үндестік бар. Бірі «қазақ» деген атауымызды қайтарған алғашқы астана болса, бірі қазақты әлемге танытқан тәуелсіз еліміздің төл бесігі!

Тарихи тағалымы мен маңызы зор мерейтойлық датаны жоғары деңгейде атап отыру мақсатында жыл басынан бері ауқымды жұмыстар жасалып келеді. Бүгін міне, сол шараларды ат бәйгесі жалғастырып отыр.

Кез келген елдің ұлылығын мәдениеті мен салт-дәстүрі танытса, соның ішінде ұлттық спорт ойындарының орны бөлек. Әсіресе, айбарланып атқа қонып, ел қорғаған бабаларымыз үшін жылқы ұлттық сана-сезім, рухани болмыс, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнердің тұтас бір айырылмас бөлігіне айналып кеткен.

Қазақ даласының әр түкпірінде тұяғының дүбірі ерек сайгүлдіктер көп болған. Қобыландының Тайбурылы, Аламыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасасы, Ақтамбердінің Керкіігі, берідегі Исатайдың Ақтабаны мен Аманкелдінің Шалқасасы, Ақансерінің Құлагері – ұлт тарихымен бітеқайнасып кеткен тұлпарлар.



# КЕҢ ЕЛДІКТІҢ ЕСІГІ, КЕМЕЛДІКТІҢ БЕСІГІ



Кезінде облыстық, республикалық бәйгелерге Сыр өңірінен қатысқан асыл тұқымды «Император», «Қарақыз», «Бізғар», «Гауһарта» секілді тұлпарлар аймақтың атын аспандатты, елдің рухын көтерді.

Соңғы жылдары ұлттық спорттың облысымызда бұқаралық сипат алып келе жатқандығы қуантады. Облыста 16 мыңнан аса спортшы ұлттық спорт түрімен шұғылданады. Жыл сайын облысымызда өтетін «Алтын белбеу» турнирі қазіргі таңда ең танымал әрі беделді бәсекенің біріне айналды.

Ұлттық спортты дамыту мақсатында биыл Қызылорда қаласында «Ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» ашылды.

Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» өңірлік орталығының қолдауымен №7 Жаңақорған ауданы олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қажетті штат бірліктері, 8 жылқы ат өзгелерімен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Мұның барлығы өңірде ұлттық спорттың өркендеуіне зор мүмкіндік береді.

Бүгінгі сайысқа үкілеп жүйрік қосқан азаматтардың мерейі үстем болсын, шапшаына шап жұқтырмас сәйгүліктеріміз бәйгеде оза шапсын! – делі облыс басшысы.

Мұнан соң мерейтойға қатысқан Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев сөз алып, қала жұртшылығын Қызылорданың қос ғасырлық мерекесімен құттықтады.

Жұртшылық алдымен шабандоздардың – қыз қуу, жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ секілді көріністерін тамашалады.

Жалпы, ат бәйгесіне еліміздің әр аймағынан 100 бәйге аты қатыстырылған екен. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, бәйге жолында алматылықтар мен тараздықтардың тұлпарлары бір бас озық болды. Мысалы тай бәйгесінде 800, 600, 400 мың теңге болып белгіленген алғашқы үш жүлдесінде алматылық шабандоздар тақымға басты. Құнан бәйгесінде де 4 миллион теңгелік 1-ші, 800 мың теңгелік 3-ші жүлдесін Алматыдан келген жүйріктер алды. Осы жарыста екінші болып келген Қызылорданың «Елік» аталатын тұлпары жерлестеріміздің мерейін бір көтеріп тастады. Оның егесі Р.Игенбаев 1,6 миллион теңгеге ие болды.

21 шақырымдық топ бәйгенің де үш жүлдесін алматылықтар алды. Бұл жа-

рыста «Көкдауыл» атты тұлпардың егесі Ұлан Омаров – 4 миллион, «Джеп» деген жүйрік үкілеген Әлімұр Назарбаев – 1,6 миллион, «Алужаз» аталатын ат қосқан Қайрат Маханов 1,2 миллион теңге олжа қылды. Ал, шиегілік Әбдігани Шорабаевтың «Шамшырақ» деген жүйрігі төртінші болып келді. Оның жүлдесі – 562 мың теңге.

31 шақырымға көсілген аламан бәйгенің басы мен аяғы жарты айналымның арасына созылып келді. Баяғы аздап жіберіп, кешке күтіп алатын хас тұлпарлардың бүгінгі тұяқтарының дүбірі мен жанкүйерлердің қиқыуы – бәйгенің ең қызықты сәті осы.

Алматының шеп құрған тұлпарлар тобын аламанда «Аспархан» атты Жамбылдың Ұзынағашынан келген сайгүлік сәтінетті. Аламаннан алқынбай озған жүйріктің егесі де – Қайрат Маханов. 8 миллион теңге олжалаған ол бүгінгі бәйгеден 2 ат оздыра, алматылық атбегі Бақтияр Құралбаев баптаған 5 ат бірдей бәйгелі болды. Сол бесеудің бірі Қарағанды атынан қатысқан Нұрлыбек Мұхамедияровтың «Қаражал» атты тұлпары аламаннан 2-ші келіп, егесіне 4 миллион теңге жүлде алып берді.

Күспен жарысқан тұлпарлардың арасынан тағы бір жерлесіміздің жүйрігі көзге шалынды. Ол – аламаннан 3-ші жүлдесі 2,4 миллион теңгені алған қызылордалық Қорғанбек Нағидың «Фаус» атты тұлпары. 4-ші орын жүлдесі 800 мың теңгені Алматыдан ат әкелген Ғабит Үмбетов алса, мәрені 5-ші болып тағы бір жамбылдық Ардығали Мирасовтың аты қиып өтіп, 562 мың теңгеге ие болды.

Осылайша, Қызылорда тойы бәйге алаңында бағы жанған жандарға сыйсият көрсетіп, елдің өлмес рухын тағы бір биікке көтерді.

\*\*\*

Астана болған Ақмешіттің 200 жылдығына арналған шаралар легінде «Евразия» спорт кешенінде казак күресінен түйе палуандар жарысы жалауын көтерді. Еліміздің әр түкпірінен 24 палуан қатысқан сайыстың ашылу салтанатында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев спортшыларға сәттілік тіледі.

Аймақ басшысы казак күресінің дамуы казак халқының тамырын тереңнен тартқан ежелгі тарихымен астынып жатқанын, ұлттық спорттың осы түрі өңірімізде ерекше өркен жайғанын айтып өтті.

– Сыр елінде қатарынан 9 мәрте ұйымдастырылған «Алтын белбеу» жарысы аймақтағы ірі спорт жарыстарының біріне айналды. Тұңғыш «Қазақстан барысы» осы өңірден шықса, былтыр сол биікті тағы бір спортшымыз Еламан Ергалиевтің бағындырғаны осы сөзіміздің дәлелі.

Бізден бастау алған турнир «Қазақстан барысы», «Евразия барысы», «Әлем барысы» болып, халықаралық деңгейге дейін көтерілуі жастардың осы спортқа қызығушылығын оятты. Қазір аймақта казак күресімен 400-ден астам спортшы шұғылданады, – делі аймақ басшысы.

Сайыстағы алғашқы белдеу қармақшылық Спандияр Алмаханов пен Қызылорданың атынан кілемге шыққан Нұрмын Сәлімгереевтің арасында өтті. Бұған дейін де талай жарыста сыналып, 2015 жылы «Сыр барысы» атанған Нұрмын белдесудің басында-ақ әлемі әдіс жасап, таза жеңіске қол жеткізді. Осыдан кейін өткен жекпе-жектер турнирдің мықтыларын іріктей түсті.

Финалда өткен жылғы «Қазақстан барысы» Еламан Ергалиев пен былтырғы «Сыр барысы» Мақсат Исағалиев кездесті. Қос мықтының белдесуінде Еламанның мерейі үстем болды. Оған 2 млн 800 мың теңгенің сертификаты табысталса, екінші орындағы Мақсат Исағалиев 800 мың, үшінші орын алған Айбек Серікбаев 400 мың еншіледі. Осылайша ұлттық спортты ұлықтаған турнирдің үш жүлдесі де жерлес спортшыларға бұйырды.

«СБ» тілшілер тобы.



Кезекші редактор Шынар БЕКБАН.

## Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі

тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –

тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43

Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханиет және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41

экономика – 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат – 70-00-73

жарнама – 70-00-49, 70-00-52

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,

компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күні № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 27680 Тапсырыс №1562